

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**



Сәпен АҢСАТ,

Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы, Қармақшы ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері

РАХЫМЖАННЫҢ БОЛ- МЫСЫ ЖАСТАРҒА ҮЛГІ

Мен, Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қордың жетекшісі болғандықтан, Жүргеновтің бейнесін сахнаға шығаруды ойлап, Қызылордалық ақын Шәкизада Әбдікәрімов арқылы Рахымжанға шықтық. Екеуі құрдас, дос екен. Менің өтінішімді Рахымжан бауырым бірден қабыл алып, — Сәке, еш қам жемеңіз, Т.Жүргенов жайлы пьесаның сценарийін қаламақы сұрамай жазып беремін, — деп қуантты. Сценарий дүниеге келді. Рахаң оны қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында жарияланған «Алаш тарихының ақиқаты» атты жабық бәйгеге ұсынды. Сценарий бірінші жүлдені иеленді. Пьеса 2016-жылы Қызылордада Нартай Бекежанов атындағы музыкалық драма театрында сахналанды. Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаевқа өтінішпен шығып, ол кісі қолдап аталған пьеса 2017-жылдың 8-желтоқсанында Ақтөбеде Тахауи Ақтанов атындағы театрда сахналанды.

Рахымжанның драматург ретінде танылуы Қызылорда театрындағы «Қанды өзек» атты пьесасының қойылымымен бастау алған болатын. Рахаң Қызылордалықтарға осы үшін ғана риза еді.

Ақ Жайықтың қалың жұртшылығына Сыр жұртшылығы атынан көңіл айтамын. Рахымжанның кітабын өртеп, дөңайбат көрсеткендер өз қолымен жаққан отымен тозаққа өздеріне жол салған шығар... Рахымжан болса, жаңа мен айтқан — Т.Жүргенов және басқа Алаш арыстарының аруағы үшін атқарған сауапты амалымен, кешкен сәулелі ғұмырымен, өз мейірім шуағымен барар жайы жұмақ болар деген ойдамын.

Темірбек Жүргеновтың қасіретті өмірі жайлы спектакль шығарту мақсатында жазушы-драматург Отарбаев Рахымжанмен байланысып рухани іні-аға дос болдым. Спектакль аяқталғанда сахнаға рөлдерді ойнаған әртістер, режиссер мен суретші шығады. Барлығы хормен: «Автор, Автор» деп дауыстайды. Рахымжан: «Кеттік аға» деп мені сахнаға бірге шығарады. Риза болған көрермендер қошеметі басталады. Құшақ, құшақ гүлдер табысталады. Сахнада тұрғандар театр төрінде қол ұстасып ілгері-кейінді топтаса жүреміз. Кеудеңе сыймастай шаттыққа бөленесің. Көзіңе жас іркіледі. Өзіңді бақытты сезінесің. Өз ойым: «Осы бақытымды әкем марқұм көрмей кетті-ау»... Ия, бақытқа бөленген осындай сәттеріміз марқұм Рахымжанның арқасы еді..

Рахымжан Отарбаев «Нарком Жүргенов» спектаклінде Темірбектің аузына Фирдоуси заманынан жетті деген мынадай сөзді салады: — «Қаншама адам көрдім, үстінде киімі жоқ. Қаншама киім көрдім, ішінде адамы жоқ». Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухни жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларының мақсаты адамды тұлға ретінде қалыптастыру екені белгілі. Астана тұрғыздық, қаланы, даланы көркейттік, Батыс Қытай, Батыс Еуропа автожолын салдық. Киіміміз бүтінделгендей, енді ішкі жандүниемізді, киім ішіндегі адами қалпымызды жетілдіріп, толық және кемел адам деңгейіне көтеру арқылы халықты ұлт деңгейіне көтеру Рахымжанның ұлы мақсаттары және биік мұраты болатын.

Президенттің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларынан туындайтын міндеттерге байланысты облыстық, қалалық, аудандық әкімдіктер түрлі шаралар өткізеді. Бабаларымыздың «Ар, Ұят, Намыс» деген ұлы қасиеттерді қастерлеген ұстанымдары жайлы әңгіме айтатын мүмкіндігімді пайдаланып жаңағы айтқан шараларда мені баяндамашы етеді, түрлі кездесулер ұйымдастырады. Республикалық ақпараттық-насихат тобына мүше етті. Қызылордада, Атырауда өткен «Қазақты тану, Қазақтану» атты лекторийларда ірілік, кішілік, жайлы әңгімелерімде Рахымжанның болмысы жайлы бірнеше мысалдар келтіріп жүрген жайым бар.

Шығармалары сырт елдердің тіліне көп аударылған танымал жазушы, Қытайда көп болған. Рахымжан Бейжің қонақүйінде жатқанында Қытай



Ақтөбе театрында. «Нарком Жүргенов» қойылымынан көрініс

жағынан қытай жігітінің қазақ қызына ғашық болған махаббаты жайлы кинофильм жасау ойларында барын, соның сценарийін жазып берсе м-о-о-л ақша төленетінін айтқан ұсыныс түскен. — Ондай киноның сценарийін жазуға ұлттық намысым жібермейді. Олай етсем, мен қайтып өз мемлекетіме бара алмай, өз ұлтымның бетіне қарай алмай қаламын деп келісім бермеген. Басқа бір ақшақұмар, дүниеқоңыз біреу болса, онда тұрған, менде тұрған не бар? — деп жазып беріп, мол дүниеге ие болып қала берер ме еді?..

Рахымжанды билікшіл еді, жағымпаз болды деп ешкім айта алмайды! Оның Отанын сүйетіндігіне, азаматтығына қатысты мынаны айтқым келеді. Рахымжан Ұлттық академиялық кітапхананың бас директоры қызметінде жүргенде АҚШ та ұйымдастырылған мемлекеттердің кітапхана басшыларының үлкен басқосуына қатысқан. Басқосуда Америкалықтар Орта Азия мемлекеттеріне: «Сөз азаттығы, бостандығы, демократиясы орныққан мемлекет ретінде Қырғызстанды үлгі етіп дәріптей берген. А.С.Пушкиннің: «Отаным жайлы өзім жерден алып жерге салуым мүмкін, ал менің Отанымды біреулердің тілінің ұшымен даттауға бермеймін», деген ұстанымында болған Рахымжан: «Демократиясы дамыған ел ретінде Қырғызстан бізге үлгі бола алмайды! Қолдарына таяқ алып көшеге шығып, ақ ордасын басып алып, Президентін қуып шығу демократия емес. Ол — бассыздық: Сендер (Америкалықтарды айтып отыр) Америка құрлығындағы бүткіл үндістерді қырып салып, солардың сүйектерінің үстінде өркениет орнатқан болып отырсыңдар. Осы күнеларыңды мойындап әлем алдында неге кешірім сұрамайсыңдар» деп шамырқанған.

Міне, ірілік, міне, намыс!

Рахаңның «Көрген, бақаныңдағы» көп тәмсілден екеуін ғана келтірейін: «Өтірік айтысып дос болып едік, шындық араласып ажырасып тындық», «Бір топ үйрек бір көлді тастап, дүр етіп көтеріліп, екінші көлге қарай ұшып барады дейді. Жолай сұңқар кезігіп сұрайды: «Қайда бет алдыңдар?» — депті. Сонда үйректер: «Құрысын, мына көл сасып кетті. Ана көл таза, соған барамыз», — деседі. Сұңқар айтты дейді: «Мына көтендерің аман болса оны да сасытарсыңдар». Бұл, бүгінгі біздің қоғамның бет бейнесі. Қайраткер жазушының осындай пайымдарын оқи отырып, өзіңе үңілесің. Пенделігің есіңе түседі. Өзіңді, өзің жеңуге тырысасың. Сәждеге бас игендей тазарасың. Тынысың ашылады. Көп жазушылар мен ақындардың болмыстары шығармаларындағы кейіпкерлерінен көп төмен. Айту бар, жазу бар, болмысы басқа. Бір сөзбен айтқанда, Рахымжан өз шығармаларының деңгейіндегі тұлға. Білген жанға «Моральдық кодекс».



Ақтөбе театры. Спектакльден кейін. Отарбаев Рахымжанның толғаныс сәті



Ақтөбе театры. «Нарком Жүргенов» спектаклінен кейін театр ұжымымен